

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Дербес компьютерге арналған Xilence XN084 қуат беру блогы


Өнім туралы жалпы ақпарат

Xilence қуат беру блоктары дербес компьютерді жинауға, сондай-ақ апгрейдке арналған және ДК компоненттерімен үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Өнім сапалы қуат беру блоктарына тән талаптарға сәйкес келеді және шу деңгейі төмен болғанда тұрақты сенімді қуат беруді қажет ететін жүйелер үшін үздік таңдау болып табылады.

Қауіпсіздік шаралары жөніндегі нұсқаулық

1. Осы қуат беру блогында қауіпті жоғары кернеумен жұмыс істейтін компоненттер бар; ешбір жағдайда қуат беру блогын ашып шашпаңыз. Егер қуат беру блогының корпусы ашылған болса, кепілдік жарамдылығын тоқтатады.
2. Қуат беру блогын қауіпсіз әрі құрғақ қоршаған ортада пайдаланыңыз.
3. Қуат беру блогының желдеткіш тесіктеріне және кез келген басқа ашық тұрған бөліктеріне ештеңе салмаңыз. ҚББ пайдалану барысында желдеткіш тесіктерінің бұғатталып қалмауын қадағалаңыз.
4. Қаптамаға қуат беру блогымен бірге қосылған қуаттау кәбілі фабрикада ақаулардың жоғына және сапаға сәйкестікке мұқият тексерілген, сондықтан өзіңіздің қуат беру блогына тек осы кәбілді пайдаланыңыз. Басқа өндірушінің қуаттау кәбілі қуат беру блогымен үйлеспей мүмкін және сіздің компьютеріңіз мен қуат беру блогыңызға залал келтіруі ықтимал.
5. Бұл өнім тек бөлмеде (көшеде емес) ғана пайдалануға арналған.

Өнім туралы ақпарат

Моделі (Дайындаушы):	XP650R11
Тауардың арналымы:	Дербес компьютерге арналған қуат беру блогы
Дайындаушы:	XilenceGmbH
Дайындаушының тауар белгісі:	
Тауардың шыққан елі:	Қытай







Техникалық сипаттамалары

■ Кіріс және шығыс кернеулері

Кіріс кернеуі / Жилілігі		200–240 50 Hz
		6.3 A
Шығыс кернеуі	+3.3V	20 A
	+5V	20 A
	+12V	54.1 A
	-12V	0.3 A
	+5Vsb	3.0 A
Шығаберістері тоқтың максималды күші	+3.3V and +5V	100 Вт
	+12V	650 Вт
	Жиынтық қуаты	650 Вт

■ Кіріс және шығыс кернеулері

Кәбілдерінің саны	Кәбіл	20 +4 pin (600 mm)	1
	Кәбіл	12 V 8 pin (650 mm) + 4 + 4 pin (150 mm)	1
	Кәбіл	SATA (500 mm) + SATA (150 mm) + SATA (150 mm)	2
	Кәбіл	HDD (500 mm)+ HDD (150 mm) + HDD (150 mm)	1
	Кәбіл	PCI-E 6 + 2 pin (550 mm) + 6 + 2 pin (150 mm)	1

Коннекторлар саны							
		20 + 4 pin	12 V 8 + 4 pin	12 V 4 + 4 pin	PCI-e 6 + 2 pin	SATA	HDD
Моделі:	XP650R11	1	1	1	2	6	3

Орнату жөніндегі нұсқаулық

1. Орнатар алдында қуаттау кәбілінің қуат беру блогынан ағытылғандығына және қуат беру блогындағы ауыстырып қосқыштың «OFF» күйіне қосылғандығына көз жеткізіп алыңыз.		
2. Қуат беру блогын корпусстың ішіне орнатыңыз.		 
3. 20 + 4 pin коннекторын жүйелік тақтаға қосыңыз.		
4. 12 V 4 pin немесе 8 pin коннекторын (қосымша қуат үшін) процессорды қуаттау үшін жүйелік тақтаға қосыңыз.		
5. PCIe 6 pin немесе 8 pin коннекторын бейнекартаға қосыңыз.		

6. SATA/HDD/FDD коннекторларын қатқыл дискілерге, оптикалық жетектерге, флоппи-дискілерге және корпустық желдеткіштерге қосыңыз.



Ақаулықтарды іздеу

- Қуат жоқ. Желдеткіш қосылмай тұр. Тексеріп шығыңыз:
 - Қуаттау кәбілі қуат беру блогына берік қосылған ба?
 - Қуат беру блогы қосылған қабырғалық розетка, ұзартқыш немесе үздіксіз қуат беру көзі жұмыс істеп тұр ма, құрылғылардағы ауыстырып қосқыш «ҚОС» / «ON» күйіне қосылған ба?
 - 20 pin ағытпасы жүйелік платаға толық әрі берік қосылған ба?
- Желдеткіш айнала бастады да, тоқтап қалды. Жүйе әрі қарай жүктелмей, іркіліп қалады. Тексеріп шығыңыз:
 - Қуат беру блогының перифериялық коннекторлары бас қатқыл диск, CD ROM секілді құрылғыларға, басқа құрылғыларға берік жалғанған ба?
 - Егер ағытпалар байқаусызда «керісінше», бұрыс қосылған болса, қуат беру блогын қуат көзінен ағытыңыз, коннекторларды құрылғыларға дұрыс жалғаңыз, қуат беру блогын желіге қоспас бұрын 30 секунд күте тұрыңыз және тағы бір қосып көріңіз.

Кепілдікті шарттар мен ережелер

1. Қуат беру блогының өндірілген күнін білу үшін өзіңіздің қуат беру блогыңыздағы сериялық нөмір жазылған жапсырманы тексеріңіз. Егер жапсырма жоқ болса немесе зақымданған болса, кепілдік жарамсыз.
2. Өнім компоненттерінің ақаулары немесе өндірістік брак нәтижесінде пайда болған зақымдар кепілдікпен жабылады.

Төменде Xilence кепілдігінің аясында жойылатын немесе ауыстырылатын ақаулар немесе зақымдар берілген.

- a. Қуат беру блогын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес бұрыс пайдаланбай, теріс қолданбай және басқа да жөнсіз әрекеттерсіз пайдалану.
- b. Зақымдарға табиғи катаклизмдер (найзағай, от, жер сілкінісі, су тасқыны, тұз, жел, жәндіктер, жануарлар және басқалар) себепші болмаған.
- c. Өнім шашылып жиналмаған, өзгертілмеген немесе жөнделмеген. Компоненттері шашылып жиналмаған немесе ауыстырылмаған.
- d. Кепілдікті жапсырмасы/белгісі алынбаған немесе бүлінбеген.

Жоғарыда аталғандардан ерекшеленетін себептер бойынша туындаған залал немесе зақымдар кепілдікпен жабылмайды.

3. Осы кепілдіктің аясында Xilence максималды жауапкершілігі өнімнің ағымдағы нарықтық құнымен (жеткізу, өңдеу құны және басқа шығыстар қосылмайтын өтелімдік құны) шектелген. Xilence осы өнімді пайдалануға байланысты басқа зақымдар мен шығындар үшін жауап бермейді.
4. Осы кепілдіктің аясында Xilence өзінің бракталған өнімін жөндеуге немесе ауыстыруға міндетті. Деректерден, бизнестен, пайдадан айрылып қалуды қоса алғанда, бірақ олармен шектеліп қалмай, оларды сатуға, сатып алуға немесе пайдалануға, аталған өнімді пайдаланудан айрылуға немесе абайсызда және кепілдікті, келісімшартты бұзу салдарынан кездейсоқ не тізбекті залал келтіруге немесе ұқыпсыздыққа байланысты залал үшін Xilence, тіпті егер ол мұндай залалдың болу мүмкіндігі туралы хабардар етілсе де, ешбір жағдайда жауапты болмайды.
5. Кепілдік тек Xilence авторландырылған дистрибьюторларынан және сатушыларынан шынайы сатып алушыға ғана беріледі және басқа тұлғаға берілмейді.
6. Кепілдіктің жарамдылығын айқындау үшін сіз сатып алу туралы чекті немесе сатып алу күні анық көрінетін инвойсты көрсетуге тиіссіз.

Құрылғының қолданылуы

Жүйелік блоктың қуат блогы ДК барлық компоненттерін желілік кернеуді түрлендіру жолымен электр энергиясымен қоректендіруге арналған. Қуат беру блогының тұрақтылығын және жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін, қателерге жол бермеу, сондай-ақ өнімнің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау (орнату) тәсілі пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған.
- Құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі аралықта және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада орындалуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейінірек қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және тиісінше қарамаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталған кезде дереу авторластырылған сервис орталығына хабарласу немесе аспапты кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Ксайленс ГмбХ,

Лавесштрассе 4, ДЕ-31137 Хильдесхайм, Германия.

Өндірушінің филиалы: Цзючжоу Янгуан Пауэр Сапплай (Шэньчжэнь) Ко., Лтд. 5-қабат, 6-қабат, 5-ғимарат, Хуэйкэ өнеркәсіптік паркі, №1, 2-ші индустриалды тас жолы, №1, Шилун комьюнити, Шиянь көш., Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Дайындаушы уәкілеттік берген тұлға: «ГОЛДСТРИМ» АҚБ

141401, Ресей, Мәскеу облысы, Химки қаласы, Рабочая көш., 2А үй, 22А корпус, 104 В кеңсе.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі»; КО

ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/> Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Құрылғының дайындалған айы мен жылы қаптамада көрсетілген.



